

**О.Нұсқабаев**

әлеум.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік  
университеті, Түркістан, Қазақстан  
(e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz oraz-bek1@mail.ru)

**Ұлы Хүн державасы**  
(тарихи-этносоциологиялық сараптама)

**Андатпа**

Мақалада Хүн державасының құрылуына септескен ішкі және сыртқы факторлар баян етіледі. Көнеқытайлық жылнамаларға және арғы түрктен халықтардың тарихи болмысын шынайы суреттеген ғалымдардың еңбегіне сілтемелер жасала отырып, Хүн державасының құрылуына ұйытқылық жасаған жұрт – хуньюйлер (хунгурлар) болғандығы дәлелденеді. Сондай-ақ Хүн державасының билеушісі, ақыл ой иесі, кеменгер елбасы, қаһарман қолбасшы Мөденің ерлік іс-әрекеттері, халқына жасаған жақсылығы сараланады. Хүн державасының қытайлық Хань империясымен арадағы теке-тіресі шынайы суреттеліп, себепті салдары екселенеді. Екі ұлы держава арасындағы үшжүзжылдық теке-тірес қытайлықтардың пайдасына шешілгенімен, жеңіс қытай әскерінің күш-қуатының нәтижесі емес, керісінше қытайлық жымьсықы саясат пен дипломатиялық бүлдірушілік әрекеттерінің жемісі болғандығы түйінделеді.

**Кілт сөздер:** Хүн державасы, шәнүй Мөде, хұндық билік жүйесі, халықтың әлауқаттылығы, үшжүзжылдық теке-тірес, қытайлық жымьсықы саясат, дипломатиялық бүлдірушілік әрекеттер.

**O. Nuskabaev**

Doctor of sociological sciences, Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan  
(e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz oraz-bek1@mail.ru)

**The Great Hun Power**  
(Ethnosociology expert)

**Abstract**

The article describes the internal and external factors that form the basis of the Great Hun Power. It is proved that Hunyuyi (Hungur) created the Hun's power, referring to ancient Chinese historiography and the work of scientists who accurately describe the historical realities of other Turkic peoples. In addition, the wise thinker, leader, heroic commander of the Hun Empire, Mete, is analyzed by his actions that he did for his people. Our study describes the truth of the relationship of the Hun with the Chinese Han Empire, and also illustrates the consequences.

Even if the three-hundred-year war between the two great powers ended in favor of the Chinese, the victory was not the result of the efforts of the Chinese army, but rather the result of the hidden politics of China and diplomatic fraud.

**Keywords:** The Hun Empire, Mete Khan, Hun's power system, population welfare, the three-hundred-year war, Chinese hidden politics, diplomatic fraud

### **1.1. Хүн державасының құрылуына септескен факторлар**

Хүн державасының негізгі халқын шығысы – Хуанхэнің (Сарыөзен) Кіндік жазыққа кіріге аққан арнасының доғалана иілген ортасындағы түбек – Ордос үстіртін, түстігі – Янцзының (Қызылөзен) солтүстігін ала Луншань таулары баурайларын, батысы – Хаши дәлізі (қазіргі Ганьсу өлкесі), Алтай-Саян таулы алқабын, теріскейі – Байкал көлі маңын, Моңғол үстіртін, Хинган (Өтекүн) мен Иңшан (Шұғайқұз) тауларын мекендеген арғы түрктеті этностар құрады. Дей тұрғанмен, мұны терістейтін тарихшылардың саны да жетіп, артылады.

Олардың бірқатары, мысалы, кейбір қытайлық тарихшылар хұндарды түп-тектері қытайлық деп есептелетін хуасялықтардан таратып жатса, кейбір тарихшылар (М.В.Крюков, П.Б.Коновалов, Г.Мэнэс, т.с.с.) хұндарды тунгус-мәнжүрлерден тарқатуға пейіл танытып тұрады. Ал, П.Паллас, Б.Бергман, М.Шмидт, И.Бэр, Л.Я.Бичурин, Н.Нейман, Х.Ховорс, Ма-Чан-Шоу, К.Сиротори, Н.Ишжанц, Р.Сухбаатр хұндарды таза моңғол текті халық деп санайды. Нақтылы не гендік, не артефактілік заттық айғақтық дәлелдемелері жоқтығына қарамастан, бұл анықтамалықтар әлі күнге дейін өз маңыздылықтарын жоғалта қойған жоқ. Қалай дегенмен де Хүн державасы халқының ядролық тобын жоғарыда аталған өңірлерді мекендеген арғы түрктеті жұрттар құрағандығы күдік тудыра алмайтын ақиқатты шындық екендігі даусыз.

Өйткені ж.с.д. 2-ші мыңжылдықтың бірінші жартысында-ақ арғы түрктеті халықтар, кейбір орыс тарихшылары жазып жүргендей, қандық туыстық, рулық немесе рулық жиынтық, тайпалық деңгейде емес, керісінше бұлардан тым жоғары, яғни ұлттық қалыптасудың алдындағы даму деңгейінде қауымдасқан жұрттар болатын. Себебі сол замандардың өзінде-ақ арғы түрктеті халықтардың әрқайсысы территориялық, тілдік, экономикалық және мәдени ортасы қалыптасқан мемлекеттік құрылымдарда өмір сүрді.

Міне осындай анықтылықтарды есепке ала отырып, ежелгі дүние тарихын тек шыншылдықпен екшелеуші тарихшылар, Хүн державасының құрыла салысымен-ақ күдіреттеніп, айналасындағы өзге мемлекеттерді жаулап алып, өз өктемдігін жүргізуіне кем дегенде 1000 жылдық тарихы бар әрі базисі мен қондырмасы мығым белгілі бір мемлекеттік құрылым халқы жетекшілік еткен болуы тиіс, деп есептейді. Әрі сондай күш-қуатты мемлекет халқы ретінде көнеқытайлық түпнұсқалық деректерге сілтемелер жасай отырып, олар хуньюйлерді (хунгур) атап көрсетеді.

«Еще до времени государя ...Юй находились поколения хуньюй, хянь-юнь и шаньжун». «Народ Ся воевали против Шаньжун». Ду Юй говорит: «Шаньжун, Бэйжун, Учжун – эти три имени (жунов). «... Юйянсянь первоначально государство, владение сынов Бэйжуна». «...что во времена (государя) Яо они назывались Хуньюй, при династии Чжоу-Хяньюнь, при династии Цинь-Хунну» [1, 39 б.].

Жоғарыда сілтеме жасалған, сондай-ақ көнеқытайлық түпнұсқалық басқа да дереккөздеріне сүйене отырып, ірі синологтар Б. Карлген, М. Гране, Л. Вандермеш, А. Корье, А. Масперо, А. Форкс, О. Франке, Г. Крил, В. Эберхард, т.б. хұндардың арғы ата-бабалары болып хуньюйлер (хунгур) есептелетіндігін өз еңбектерінде нақты атап көрсетеді. Ал, хұндар туралы әлем тарихшылары жоғары бағалаған ірі монографиялық зерттеулердің авторлары А.Н. Бернштам, Б. Өгел және басқалары хұндардың хиэниүйлерден (хунгур) өсін-өнген жұрт екендігін нақтылы айғақтық мағлұматтарға арқа сүйей отырып дәйектейді [2, 319-471 б.; 3].

Арғы түрктенгі ұлыстардың бірігуіне хуньюйлер (хунгурлар) септескен. Себебі ж.с.д. 200-ші жылдары осы уақыттарға дейін ауыздары піспей өзара қырқысып жүрген шағын-шағын қытай кінәздіктері алдымен Чин (Цинь), ол құрдымға кетісімен бой түзеген Хань империясының қол астына топтаса бастаған. Осыны көріп, біліп отырған Ордостық хуньюйлер ірі бір мемлекеттік құрылымға ұйыспаса, халық саны көп қытайларға жұтылып кететіндерін айқын сезінген. Содан болар олар жатпай-тұрмай қаракеттеніп, түздік жұрттарды бір шаңырақтың астына ұйысып, ірі мемлекеттік құрылым жасақтауға үгіттеп баққан. Еңбектері жанып, ж.с.д. 209 жылы Ұлы дала төсінде түздіктер құрған тағы да бір ұлы мемлекеттік құрылым – Хұн державасы тұғырланған.

Бұл пікіріміздің растамалығы Хұн державасының құрылуы туралы өзіне дейін жазбаланған айтылымдарды тұжырымдай келіп, ой түйген орыс тарихшысы Н. Крадиннің «Империя Хунну» деп аталатын монографиясынан алынған төмендегі сілтемедегі пайымдаулармен де үйлесе жымдасып тұр.

«Как подчеркивает некоторые ученые:

(1) Возникновение такого крупного политического образования, как Хуннская держава предполагает существование определенной этнополитической базы, на основе которой в течение некоторого времени складывались предпосылки для последующей политической интеграции в имперскую конфедерацию.

(2) Хуннская политаия, в период, предшествовавший воцарению Модэ, при правлении Тоуманя даже, видимо, ранее, в XVIII – III в. до н.э. [4, 258-260 б.], предстает как сложившаяся централизованная политическая система с существующей социальной стратификацией, разработанной иерархической системой управления (Модэ, например, получил должность *темника*), сложившимися институтами высшей власти (титул *шаньюй*, принципы наследования и другие факты, изложенные, в частности, в 110-м цзюане «Ши цзи» в фрагменте о молодом Модэ).

(3) Косвенным образом последние тезисы подтверждают исследования китайских археологов культурных памятников во Внутренней Монголии, начиная с Шанских времен до образования Хуннской державы. Уже в эту эпоху в хуннском обществе существовали значительные социальные различия, прослеживаемые в погребальном обряде. Погребения кочевой аристократии и вождей содержали многочисленные украшения из золота и бронзы (только в могильнике Алучжайдэн (аймак Ханцзинь) было 218 предметов общим весом более 4 кг), встречаются предметы, специально сделанные для вождей (пластина с надписью титула «*шао фу*», украшения для церемониальной шапки, которые носили хуннские вожди, и др.).

(4) Согласно китайским летописцам хунну начали набеги еще в эпоху Чжоу. Периодически они усиливались, временами ослабевали. Еще в V – III в. до н.э. хунну представляли большую угрозу для южных соседей и успешно грабили приграничные районы китайских царств [5, 17 б.; 229 б.].

Следовательно, сложная политическая система сложилась у хунну еще до возникновения державы Модэ на III в. до н.э. Что же тогда послужило причиной к консолидации степных племен в единую кочевую империю?

- На наш взгляд, главная причина образования Хуннской державы находилась за пределами степного мира. К середине тыс. до н.э. на Среднекитайской равнине сложились реальные предпосылки для формирования единого древнекитайского этноса. К этому времени жители практически всех древнекитайских царств осознали себя единым народом (*хуася*), в который отличен по языку и культуре от окружающих «варваров». Чуть позже национальное единство было прикреплено политическим объединением. Лидерство в этих процессах принадлежало царству Цинь. В 228 г. до н.э. было разгромлено царство Чжао, в 225 г. пало царство Вэй, через два

годы – Чу, еще через год – Янь. В 221 г. до н.э. было покорено царство Ци и, наконец, были завершены кровопролитные междоусобные войны V-III вв. (период «Воюющих царств») и впервые в истории Поднебесной было создано централизованное общекитайское государство – империя Цинь. Это государство имело прочную централизованную экономическую базу, обладало многочисленной вымуштрованной армией с опытными военачальниками и вело активную внешнюю завоевательную политику. Таким образом, баланс сил между «севером» и «югом», между номадами и Поднебесной изменился явно не в пользу кочевников.

Хунну быстро почувствовали последствия объединения Китая. Им тоже нужно было объединения, чтобы противостоять против экспансии, т.е. вооруженному захвату их территорий [6, 31-32 б.; 40-41 б.].

Айтса айтқандай, түздіктер көп ұзамай-ақ Чин (Цин) патшалығының қаныпезерлікке толы жауыздығын бастарынан өткерді. Ж.с.д. 215 жылы Чин (Цин) патшалығы императоры Чин Шы Хуан-ди мұздай қаруланған 100 мыңдай әскерін бастатып қолбасшысы Мың Тиәнді (Мэн Тянь) хұндарға қарсы атандырып, олардан Ордосты тартып алды.

Осындай төніп келе жатқан қауіптің алдын алу қажеттілігі сезімі итермелеген болар, түздіктер тез арада ұйысып, етек-жеңі жинақы бір халық атанып шыға келді. Біртұтас мемлекет орнықтырып, Чин (Цинь) патшалығы әскеріне қарсы соғыста қауқарсыздық танытқан Тұман шәнүйдің орнына ж.с.д. 209 жылы оның ұлы Мөдені (көнеқытайлық түпнұсқалық деректерде Маудун есімімен хаттамаланған – авт.) отырғызып, оны тәңірқұт атандырды. Ұлы дала төсінде орныққан түздік мемлекет – Хұн державасы (ж.с.д. 209 – ж.с. 216 ж.) осылай құрылған болатын.

## **2. Хұн державасы**

Мөде тәңірқұт (шәнүй) ең алдымен қытайлықтардан өзі шыққан жұрт хуньюйлердің (хунгурлардың) ата қонысы әкесі Тұман қаған Қытайға алдырған Ордос түбегін қайырып алды. Елінің айналасындағы орналасқан өзге жұрттарды бағындырды. Осыған шыдамай өзіне қарсы соғыс бастаған қытайлық Хань империясының императоры Гау-дидің 300 мыңдық әскерін ж.с.д. 198-ші жылы тас-талқан етіп, тізесін бүктіртті. Ханьдық қытай жеңілгенін мойындап, 50 жыл бойы Хұн державасына алтын-күміс, торғын-торқа, жібек мата, арпа-бидай сияқты дүние-мүлік, азық-түлікпен алым-салық төлеп отырды.

Ханьдық қытайды жеңген соң Мөде тәңірқұт батыс жаққа жорық жасап, билігінен қашып Орта Азияға асқан юечжилерді қуалай келіп, Сырдарияның орта ағысынан ары теріскейге қарай Арал теңізі, Жайық-Жем өзендері алабын мекендеп отырған Қаңлы мемлекетіне дейінгі жерлерді өзіне қаратып, Қаңлы мемлекетімен одақтастық шартын түзді. Сөйтіп, Қытай мен Батысты байланыстырып тұрған Ұлы керуен жолын (Жібек жолын) өзіне қаратты. Жалпы Мөде билігі тұсында Хунну державасына шығысы – Ордос үстірті, теріскейі – Тайганың күнгеі беті, оңтүстігі – Янцзының теріскей жағы, Хаши дәлізі, батысы – Қаңлы мемлекетінің шығыс шекарасы аралығындағы жерлер түгел қарады.

Мөде барлық елін: сол, оң және орталық қанат деп бөліп, оңдық, жүздік, мыңдық, түмендік (оң мыңдық) дегендей әскери-әкімшілік жүйесін негізге ала отырып басқарды. Ол өзі Орталықта отырған, ал оң мен сол қанаттарын «Тужи-Ваң» деген лауазымдық атақпен не аға-інісіне, не балаларына басқартты. Дей тұрғанмен сол жақ басқарушысының оң жақ басқарушысына қарағанда мәртебелігі жоғары саналды. Өйткені, кез келген шәнүй қайтыс болғанда көбіне-көп, оның орнына сол жақ билеушісі сайланып отырған. Соған қарағанда сол жақ билеушісі шәниүйдің ең жақын немесе ең сенімді мұрагерінің бірі болған.

Қытайлар сол жақ билеушісін – «Сол тужи-ваң», оң жақ билеушісін «Оң тужи-ваң» деп хаттамалаған. Әрі олар «сол» ұғымын шығыс, ал «оң» ұғымын батыс деп ұғынған. «Тужи-і» көнетүрк тіліндегі «білге» (дана) дегенді білдірген. Ал, «ваңы» хұндардың мемлекеттік басқару жүйесінде «тужидің» өте жоғары деңгейлі лауазымдық атақ екендігін білдіру үшін қытай тарихшыларының өз тараптарынан қосқан ұғым-түсінік. Өйткені ежелгі қытайлық билік иерархиясында «ваң» ұғымы ірі бір кінәздік билеушісінің лауазымдық атағын білдіретін түсінік саналған. Жалпы өзінің толық мағынасында «Сол тужи-ваң» лауазымы «Шығысты билеуші дана Бек», «Оң тужи-Ваң» - «Батысты билеуші дана Бек» дегендей мағынада түсініліп-ұғынылған.

Сонымен қатар Мөденің шешімі бойынша мемлекетті басқару ісіне 24 ұлық тартылған. Олар шәнүй ордасында жоғары дәрежелі қызметтер атқарған уәзірлер, әскер қолбасшылары, ұлыс билеушілері, т.с.с. болған. Дей тұрғанмен ең жоғары лауазымдық қызметтерге шәнүйге өте жақын адамдар, не аға-інілері, не балалары сайланып отырған [7, 157-158 б.].

## О. Нұсқабаев. Ұлы Хүн державасы.

Жалпылама айтқанда, Мөде мемлекеттің әскери күш-қайратын барынша қуаттандырумен қатар, әкімшілік басқару тетіктерін, алым-салық жүйесін жаңғыртқан реформашыл басшы болған. Ол мыңбасыларды, жүзбасыларды, онбасыларды, билерді, жергілікті басқару жүйесі бектерін жергілікті әскери-әкімшілік басқару орындарында жалпыхалықтық жиын – құрылтайда ашық дауыспен сайлауға еркіндік берген. Құқық қорғау жүйесін түздіртіп, оның бұлжытпай орындалуын қадағалап отырған.

Мысалы, ұрлық жасаған, әлсізге күш көрсетіп, зорлық еткен адамның жері, дүние-мүлкі тәркіленген. Екінші рет жасаса, беті тілінген. Тілінген беттің тыртығы бұрынғы қылмысын білдіріп тұратындықтан, ондай адамдардың қайта қылмыстануға батылдары бармаған. Себебі, келесі жазаланғанда ондай тұлғалар өлім жазасына кесілетін. Ал, жергілікті әкімшілік басшылары, тайпа немесе ұлыс көсемдері бөлектенуге ниеттеніп, ел бірлігіне, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтірсе, өзі жансыздандырылып, халқы, әскері бөлшектеніп, басқа тайпа, ұлыс жұрттарына таратылған. Құқықтық нормаларда, елдегі бар билік шәнүйдің қолында шоғыраланады делінгенімен оның абсолютті билігін шектейтін баптар да көріністенген. Кез келген түйінді мәселелер ел жақсыларының жиынындағы ақылдастықта шешілген.

«Хұндардың басым көпшілігі көшпелі тұрыс кешеді. Киіз үйлерде тұрады. Киіз үйлер төрт, не алты доңғалақты арабаның үстіне тігіледі. Үй айналасы қапталған. Одан не су, не жел өтпейді. Өте жылы. Үйлер кейде екі, не үш бөлмелі болып келеді. Үй жануарларынан жылқы, сиыр, қойды көбірек ұстайды, бір бөлегі түйе, есек, қашыр және тарпаң тектес жақсы тұқымды жылқы өсіреді. Олар судың тұнығын, шөптің шүйгінін қуалап жүреді. Ойынға жараған баласы садақпен құс атып жаттықса, одан үлкендері түлкі мен қоян аулап, оның жеуге жарайтындарын азық етеді. Ал садақ тартуды жете меңгергендердің бәрі болат сауыт құрсанған атты әскер қатарына кіреді. Ен жайлауда малын еркін баға жүріп, жаппай аң аулаумен айналысады. Етін қорек етеді. Қажет болғанда әрқайсысы әскери жаттығулар жасап, алдағы болатын жаңа шабуылдарға дайындық жасайды. Бұл – олардың қанға сіңген үйреншікті дағдысы. Олардың алысқа пайдаланар қаруы – жебелі садақ та, жақынға жұмсар қаруы – қылыш пен найза... Ел билеушісінен бастап, қатардағыларына дейін өздері өсірген малдың етін пісіріп, тұздықтап жейді. Киім-кешектері жүннен тоқылады, түкті теріден тігіледі, ал төсенетін және

жамылатын көрпелері иленген теріден жасалады. Әкесі өлсе, баласы өгей шешесіне үйлене береді. Ағайынды жігіттердің бірі өлсе, екіншісі оның әйеліне үйленеді. Өлікті ағаштан жасалған қорапқа салып жерлейді. Өлікке алтын-күміс жіп араластыра тоқыған қалың оқалы жібек және бағалы теріден тігілген киім кигізеді» [8, 39-40 б.]. Дегенмен, хұндардың бәрі, қытайлық жылнамаларда жазылғандай, үнемі көшіп-қонып жүрмеген. Отырықшы халықтары, шағын кенттері болған. Сондықтан қытайлық тарихшылардың жазғандарының бәрін шындық деп қабылдауға болмайды. Олар көбіне көп көшпелілер тарихын бұрмалап, терістеп тек жаман жақтарын көрсетіп жазуға әуестік танытып отырған. Бұған көшпелілердің олардың тұрғылықты кенттерін жиі шауып, талан-тараж етіп кетулері себепші болған. Ал, хұндар елінде болып, сауда-саттықпен айналысқан саудагерлердің жазбаларына қарағанда, хұндардың біршама жұрты кенттерде тұрған. Олар отырықшы халықтарға тән тұрмыстың барлық түрін меңгерген. Мыс, темір, күміс, алтын балқыта білген. Олардан малшыларға керекті құрал-саймандар, үй ішілік тұтыну заттарын: қазан, ошақ, ыдыс-аяқ, т.с.с. жасаған. Қару-жарақ соққан. Қол өнерімен айналысқан. Етік, шалбар, тон, желбегей, құлақшын тіккен, небір әсем бұйымдар жасап, саудаға, айырбасқа шығарған. Егін еккен. Тары, арпа, күнжіт, бидай, қауын-қарбыз, асқабақ, т.с.с. өсірген. Мұндай кенттер, сонымен қатар, бір мезгіл ірі сауда-саттық орындарына да айналып отырған. Себебі мұндай тұрақтарда жер-жерден келген саудагерлер өз бұйымдарын саудалаған. Айырбас жасаған. Әсіресе керуен жолдары бойына орналасқан керуен сарайлары мен шағын кенттерде сауда-саттық қатты қызған. Өйткені, мұндай орындарда халық көп орналасқан. Керуен жолдарын күзететін шағын горнизондар орын тепкен. Саудагерлердің жоғарыдағы жазбалық деректерінің шынайлығы, ескілікті кент, әсіресе керуен сарайлары орналасқан жерлерден қазып алынған археологиялық заттақ айғақтармен де расталады. Жол бойларына орналасқан шағын кенттер мен керуен сарайлары орындары Кіндік жазықтан басталып Ордос, Ішкі Моңғолия, Гәнсу, Шынжаң, Жетісу, Ферғана арқылы Самарқандқа асқан. Одан екіге бөлініп, бірі Алдыңғы Азияға қарай, екіншісі Каспий мен Арал теңізінің ортасын ала Еділ өзенінен асып, Қара теңіздің солтүстік жағалауларына қарай созыла өрлеген. Шығыс пен Батысты байланыстырған керуен жолдары алғашында «Қола жолы», одан кейін «Алтын Жолы», тек кейіндеу барып қана «Жібек Жолы» деп атала бастаған.



Көшпелі халықтар қытайларға металл қорытудың озық технологияларын - қола, жез, темір, алтын, сынап, мырыш, қалайы, т.б. қорытуды, екі доңғалақты арба жасау мен пайдалануды, атты арбаға жегуді және салт атқа мініп садақ тартуды, сондай-ақ өндіру мен соғысқанда ыңғайлы киінуді үйреткен. Қытайдың түпнұсқалық деректік жазбаларында мұндай ауыс-түйісті көріністер «Хуфу цишэ» (көшпелілерше киініп, салт ат мініп, садақ тарту) деп қысқа да, нұсқа эпитетпен тамаша сипатталып қалған. Әрі мұндай ауыс-түйістік, мәдени-құндылықтық байланыстар әлі күнге жалғасып келеді. Көшпелілер өздерімен іргелесе ғұмырланған Қытай, Иран, т.с.с. басқа да елдермен қоян-қолтық араласып, оларға өркениеттік тұрмысқа тән көп нәрсені үйреткен. Сондай-ақ өздері де олардан көп нәрсе үйренген [9, 6-7 б.].

Хұндар Тәңірге табынған. Жаңа жылдың алғашқы айының бірінші жартысында жоғары мансаптағы ұлықтар шәнүй ордасы жанындағы ғибадатханаға жиналып «кіші жиын», ал бесінші айдың ортасында Айдахар қаласына барып үлкен жиын өткізген. Күзде Дэйлин тауына барып, бүкілхалықтық жиын – құрылтай өткізіп мал-жанның есебін алған. Тасаттық беріп, көкке, жерге, ата-баба аруағына арнап құрбандықтар шалған. Аруақтарды қатты қадірлеген. Түнде далаға жалаңбас шықпаған. Өйткені олардың ырым-сенімдері бойынша, түнгі уақыттарда жалаңбас шыққан адамдарды жын-шайтан қағып кетеді де, содан адам жарым естеніп қалады. Әйелдері бастарына үнемі орамал тартып жүрген. Шаштары түскенде оны өртеген. Тырнақ алғанда оны көміп тастап отырған. Өйтпесе, адам ауырып қалуы мүмкін деп түсінік болған.

Мөде қаған ж.с.д. 174 жылы қайтыс болды. Дей тұрғанмен оның Ұлы Түздік мемлекетті орнықтырып, өркендетудегі іс-тәжірибесі, саяси және әскери істердегі көрегендігі кешегі – XV ғасырда түрктені этностар ырду-дырду болып, бас-басына хан сайлап алып быт-шыты шығып басқаларға бодандыққа түскенше өзінің мәнділігін жоймады.

### **3. Хань империясымен арадағы үшжүзжылдық теке-тірес**

Мөденің тағын иеленген ұлы Лао-шан (ж.с.д. 174-161 ж.) әр адамнан алынатын алым-салық жүйесін оңды етіп, бұрынғы әкімшілік басқару тетіктерін одан әрі жетілдірді. Ол ж.с.д. 161 жылы о дүниелік болып, оның орнына ұлы Гюньчень жайғасты. Оның билігі тұсында хұндардың Хань империясымен арадағы «бейбітшілік пен іліктік» келісімшарты өз күшін жоя қоймады. Бұл келісімшартқа жарықшақ ж.с.д. 140 жылы түсті. Осы жылы Хань империясына император болып

сайланған У-ди билікті иеленісімен хұндарды біржола жусату жоспарын түздіртті.

«Хұндарды үш жақтан қыспақтау» деп аталатын бұл жоспар бойынша дипломатиялық қызмет мекемесі мен әскери бірлестіктер бар айла-амал мен әскери күшті тиімді пайдаланып, хұндарды одақтастарынан оқшаулатып, жалғыз қалдыруға тиісті болды.

Жоспардың басты, бірінші бөлімінде бар әскери күшті жұмылдырып, хұндарды Ордостан біржола алыстату керектігі негізделді. Екінші бөлімінде хұндардың шығыстағы одақтасы Кореяны шауып, оларды хұндардан бөлектеу тапсырмасының жәй-жапсары өзектелді. Үшіншісінде – хұндарға батыстағы одақтасы Қаңлы мемлекетінің әскері көмекке келе алмайтындай етіліп, жолын кесіп тастау үшін осы екі мемлекеттің ортасында орналасқан Үйсін билігін өздеріне одақтастырудың дипломатиялық айла-амалдары қарастырылып, пысықталды [10, 32-34 б.].

Түзілген жоспар біртін-біртін жүзеге асырылды. Ж.с.д. 126 жылдың қыс айларында Хұн державасының шәнүйі Гюньчень қайтыс болды. Билікте болған жылдарда ол Хұн державасының атақ-даңқын атасы Мөде заманындағыдай шың биікке көтере алмағанымен, мәртебелігін бір елі де төмендетпеді. Қытайға білгенін істетті.

Кейін оның тағын інісі Ичиси иеленді. Ол қытай кенттерін ұрымтал шауып, талан-тараж етіп кетуді тоқтатпады. Тіпті бірде қытайлардан ата-бабаларының құтты қонысы – Ордос түбегін тартып та алды. Бірақ оны ұзақ уақыт ұстап тұра алмады. Оған себеп ж.с.д. 124-ші жылы әскербасы Вэй Цин басқарған қытайдың 100 мың әскері түздіктерден Ордосты тартып алды. Бірақ қытай әскерінің түздіктерді әрі қарай қуып, толық талқандауға күші жетпеді. Түздіктердің атты әскері байқатпай ұрлана келіп, қытайлардың жаяу әскерінің бытшытын шығарып шауып кетіп отырды. Бұл қытай әскерінің құтын қашырып, кейін қайтуға мәжбүрледі.

Ж.с.д. 114 жылы Ичиси шәнүйі о дүниелік болып, оның орнын ұлы Үбей, онан кейін Гюйлиху, ол қайтыс болғаннан кейін Цзюйдихэу, Цзюйдихэуден кейін оның ұлы Хулугу иеленді. Олардың биліктері тұсында хұндардың қытайлармен арадағы ит жығысты шайқастары бір толастамады. Бірде бұлар жеңіске жетсе, екінші бір қақтығыста қытайлар жеңіс тойын тойлап жатты. Осындай ит жығысты текетіретің ақыры ж.с.д. 90-шы жылы өте ірі соғысқа ұласты. Хань империясының императоры У-ди осы жылы саны өте көп әскер жасақтап, бірнеше тұстан хұндарды қоршауға алды.

Әскербасы Ли Гуан ли 100 мың жаяу, 70 мың атты әскерді бастан Ордостан шықты. Ұлы Қытай қорғанының шығыс жағындағы Яймыня бекетінен 30 мың атты, 10 мың жаяу әскерді бастап екінші бір әскербасы теріскей-батысқа қарай жылжыды. Ордос пен Лобнордың аралығын алып жатқан Цзюциань облысынан 40 мың атты әскерді бастап үшінші бір әскербасы Алтай-Саян тауларына қарай жортты.

Хұндар да қарап жатпапты. Хань империясының өздерімен соғысуға даярланып жатқандығынан хабардар болғандықтан, қарсылық көрсетуге дайын отырыпты. Олар алдын-ала мал-жанды Саян тауларынан әрі қарай асырып жіберіп, қару ұстауға жарамдыларды соғыс өнеріне жаттықтырыпты. Өздеріне бағынышты динлиндерден, қырғыздардан, тобалардан да әскер жасақтап қытайлармен арада болғалы тұрған ұрысқа дайындалыпты. Тек қытайларға қарсы соғысқа үйсіндер шақырылмапты. Себебі олардың билеушісі Унгюими қытай ханшайымына үйленіп, Хань империясымен одақтасып алып, көптен бері хұндармен теке-тіресіп жүрген болатын [11, 25].

Хұндар қытайлармен арада болғалы тұрған соғысқа қаншалықты дайындалғанымен, олардың әскер саны қытай әскерінен тым аз болатын. Дей тұрғанмен хұндардың рухы қытай әскерлеріне қарғанда өте жоғары болды. Өйткені олар Отанын, туып-өскен жерін қорғауға дайындалып жатты. Ал, қытай әскерінің көпшілігі қылмыс жасап, сотталған қаныпезерлерден жасақталған әскер болатын. Сондықтанда болар, қытай әскерлері жеңіліп бара жатса, соғыс алаңын тастай қашуға үнемі дайын отыратын.

Әскербасы Ман Тунның атты әскері хұн әскерін қуып Алтайға дейін барды. Бірақ хұндардың атты әскері қаша соғысып, оларды әбден титақтатты. Азық-түлік тиеген обозының көзін жойды. Ас-суызыз қалған қытай әскері амал жоқ кері қайтты. Осылайша Ман Тунның батысқа қарай жылжыған әскері өз жорығын абыройсыз аяқтады. Ал, қытайлардың хұн жеріне шығыстан жылжыған әскері жолай бірде-бір хұнды кездестіре алмай маң далаға кіріге түсті. Азық-түлігі таусылған қытай әскері әбден ашықты. Шарасыздықтан кері қайтты.

Міне, осы сәтте хұндар мен қырғыздар қытай әскеріне тұтқиылдан тиісіп, быт-шыт етті. Қытай әскері жеріне босып жетті. Қытайлықтардың хұндарға шығыстан тиіспек болған жорығы да осылай сәтсіздікке ұрынды.

Хұндардың орталық күшіне қарсы аттанған қытай әскерінің жеңілуінің себебі оларға қарсы хұндардың өздері мен динлиндердің

жан аямай жұлқысуынан болды. Қытай әскері хұндар мен динлиндерді Селенга өзеніне дейін тықсырып баққанына қарамастан, оңбай жеңілді. Ал, шындығын айтқанда, қытайдың сан жеткісіз орталық әскеріне қарсы хұндардың бар-жоғы 20 мыңдай ғана атты әскері соғысты. Хұндарды ен дала төсінде қуалай-қуалай әбден титықтаған қытай әскеріне қарсы енді Хулугу шәнүй 50 мыңдай тың атты әскерін қарсы салды. Сөйтіп, ол қытай әскерін Яньжань тауының етегінде тас-талқан етіп жеңді. Қытай әскербасы Ли Гуан лидің өзі тұтқындалып, әскері түгелге жуық қырғын тапты. Дей тұрғанмен, тез арада ес жинаған Хань империясы хұндарды біржола жою үшін қайта-қайта жаңа әскер жасақтап, соғысуын тоқтатпады. Бірақ әрдайым жеңіліс тауып отырды. Керісінше қытай әскерінің кезекші бір шабуылының бетін қайтарып, қарсы шапқан хұн әскері ж.с.д. 37-ші жылы Қытайға басып кірді. Сөйтіп, Мөде шәнүй тұсындағы барлық жерін өзіне қайтарып алды. Хань империясын қайтадан алым-салық төлеуге мәжбүрлеп қойды.

Осылайша Хань империясының императоры У-дидің хұндарға қарсы ұйымдастырған соғысы 50 жылдай уақытқа созылып, қытайлықтардың жеңілісімен аяқталды. Бұл жеңілістен кейін қытайлықтар ұзақ уақыт естерін жинай алмай, есеңгіреп жүрді. Жаулау соғыстарын тоқтатып, ішкі үйлестіру жұмыстарымен ғана айналысты. Осыдан кейін бұлар У-ди «хұндармен тікелей соғысып жеңіске жете алмайсың. Оларды жеңу де, оларды билеу де мүмкін емес. Сондықтан, оларға қарсы тек жымысқы, іштей іріту шараларын қолданып қана, оларды ыдырату тиімді» деп жиі айтатын болды.

Император У-ди ж.с.д. 87 жылы қайтыс болды. Бірақ, оның айтып кеткен соңғы, жоғарыда айтылған өсиетін кейінгі қытай билеушілері бұлжытпай жүзеге асырды [11, 22-23 б.; 12, 143-147 б.]. Қытай дипломатиясының жымысқы іс-әрекеттерінен, өзге жұрттармен арадағы толассыз қанды соғыстардан, ушыға түскен тақ таласынан, бір орталыққа бағынғысы келмеген күштердің әсерінен Хұн державасы жылдан жылға әлсірей түсті.

Ж.с.д. 85-ші жылы Хулугу шәнүй қайтыс болды. Оның өлімі билік айналасындағы саяси топтардың өздері қолдайтын тақ мұрагеріне жоғары билікті иелендіруге ұмтылған таластарын өршіте түсті. Бұл талас қорытындысында қытаймен жақындасуды қолдайтын топ жеңіске жетті. Олар шәнүй тағына шығыс қанаттың билеушісінің жас ұлын – кінәз Хуаньдиді отырғызды. Дей тұрғанмен оларға қарсы саяси топ ж.с.д. 80-ші жылы шәнүй Хуаньди мен оның шешесі қытайлық Чжуанькюй-яньчжидің билігін төңкеріп тастап, бұрынғы

тақ иегерінің таза хунтекті әйелінен туылған мұрагерін таққа қондырды. Шәнүй Хуаньди мен оның шешесі қытайлықтардан тақты қайтарып алуға көмек сұрады. Осылайша хұндар мен қытайлар арасында соғыс өрті қайта тұтанды. Хұндарды жусату үшін қытай билігі ж.с.д. 72-ші жылы 160 мың атты әскерін аттандырды. Хұндар қаша соғысып, уақтылы тойтарыс бере жүріп қытай әскеріне беріспеді. Десек те қытайлардың одақтасы үйсіндерге төтеп бере алмады. 50 мың атты әскерімен сырт жағынан ұрымтал келіп тиіскен үйсіндер хун әскерін быт-шыт етіп жеңіп, ордасын талап-тараж етіп, қашып кетті. Бұған ашынған хұндар ж.с.д. 71 жылдың қысында үйсіндерді шауып, қырып тастады. Тірі қалғандары жыр-жыраны паналап, тау-тасқа тығылды. Үйсіндердің тірі қалғандарының өмірі де аянышты аяқталды. Қытайлардың одақтасы болған Үйсін билеушісі Унгюйми ж.с.д. 64-ші жылы қайтыс болды. Оның тағын немересі Ними иеленді. Ол елін Қытайға бағыныштылықты білдіретін әкімшілікті лауазым Куан-Ваң атағымен биледі. Қытай ханшайымы Гяй-юге үйленді. Одан 3 ұлы болды. Бірақ араларында татулық болмады.

Ж.с.д. 52-ші жылы Үйсін еліне елші болып дандайсыған қытай ақсүйектері Вэй Хо-и мен Жень Чан келді. Гяй-ю ханшайым олардан күйеуін өлтірттіруді сұрады. Оларды күту рәсімінде қытайдың кіші әскери қызметкері Нимиді қылышпен кескілемекке ұмтылды. Бірақ, жолы болмады. Жараланған Ними атына мініп қашып үлгерді. Нимидің үлкен ұлы халықты көтеріп, Чигу қаласындағы патша сарайын қоршап, ханшайымды өлтіруге ниеттенді. Бірақ, Қытайдан арнайы шақыртылған әскер көтерілісшілерді жусатып тастады. Ханшайымды үш баласымен Қытайға алып кетіп, басына үлкен сарай салдыртып берді. Мемлекет есебінен жәрдемақы алып тұратын құрметті тұлға етті. Дей тұрғанмен үйсіндердің сатқындығы бос кетпеді. Келе-келе өзара араздасудан, қан төгісуден, сатқындықтан, бір-біріне жала жауып, ұстатып жіберуден түгесілген үйсіндер халық атанудан қалып, тоз-тоз болып босып кетті. Олардың жерін қытайлар иеленіп алды [11, 27 б.].

Түп тегі қытайлық ханша Чжуанькюй-яньчжи де қарап жатпады. Ол хұндардың батыс қанат билеушісі Туцианмен тіл табысып, қытаймен ара қатынасты жақсартуға ниетті саяси топтың жұмысын қайта жандандырды. Сөйтіп жүргенде шәнүй Хуаньди белгісіз себептермен о дүниеге аттанып кетті. Ордада төңкеріс ұйымдастырылып, кінәз Туциан Уянь-Гюйди деген атпен таққа отырғызылды. Азамат соғысы қайта тұтанды. Бұл соғыста жеңіліс

тапқан Уянь-Гюйди шәнүй өзіне өзі қол салды.

Таққа талас қайтадан өршіді. Ж.с.д. 50-ші жылдары хұндардың әлсірегені соншалық, 1 жылдың ішінде 5 шәнүй ауысты. Ішкі араздық, қытайлық жымьсықы әрекеттер, билік басындағылардың бақталастығы, т.с.с. өз жемісін берді: Хұндар екіге – Солтүстік және Оңтүстік қағанаттарға бөлініп кетті. Хұндардың құрдымға кету тарихының бастамасы осылай көріністенді.

Екіге бөлінген хұндардың оңтүстік бөлігі ж.с.д. 56-шы жылы шәнүй Хуаньенің жетекшілігімен Қытайға өткен Ордос төңірегінде қоныстанып қалды. Ал Чжичи (Ит Жиссе) бастаған солтүстік бөлігі Байкал көлі маңына, Саян таулары төңірегіне ығысты. Бұл екі шәнүй ағалы-інілі жандар болатын. Бірақ ұстанған бағыттарының әртүрлілігі ол екеуін бір-біріне бітіспес жау етті. Хуанье Қытаймен одақтасуға ниеттенді. Ал Ит Жиссе (қазақшасы Шөже) Хұн державасын Хань империясымен тең дәрежелі мемлекет етуге ұмтылды.

Осының бәрін көріп, біліп отырған әрі осы уақыттарға дейін хұндармен одақтастықта болған сянбилер мен ухуандар олардан шеттеп, Хань империясымен одақтасуға ниеттілік танытты. Бұл ниеттерінің адалдығын білдіру үшін олар Солтүстік Хұн бірлістігіне шабуыл жасап, 2000 хұнның басын кесіп алып, ол бастарды Хань императорының аяғының астына лақтырып тастады [11, 31 б.].

Хань империясы үшін бұл өте ірі жеңіс болды. Өйткені бұл үштікті қытайлықтар осы уақыттарға дейінгі бастарынан өткен барлық қорлықтың өзегі санайтын. Сондықтан олар түздіктердің өздері тудырып берген бұл мүмкіндікті қалт жібермей пайдаларына жаратты.

Солтүстік хұндарға Хань империясының айдап салуымен, ең алдымен, сянбилер тиісті. Ж.с. 87-ші жылы олар Солтүстік хұн бірлестігінің шәнүйі Юлюдің әскерін тас-талқан етіп, өзін шейт етті. Ж.с. 89-шы жылы бірлескен қытай мен оңтүстік хұн әскері Солтүстік хұндарға тиісіп, шәнүйдің отбасы мен дүние-мүлкін олжалап кетті. Ал, ж.с. 93-ші жылы болған соңғы шайқаста Солтүстік Хұн әскері төрт жақтан, бірлескен қытай, оңтүстік хұн, сянби және динлин әскерлерінің қыспағына алынып, толық күйретілді. Осы қақтығыста хунгур Тұман шәнүйден бері қарай үзілмей жалғасып келе жатқан текті әулеттен соңғы шәнүй Уйчугань мерт болды. Билік тізгіні хунгурлардан қияндарға өтті.

Күйреген Солтүстік Хұн қағанатының халқы жан-жаққа босты. Біршамасы қытайлар мен оңтүстік хұн жұртына қосылды. 100 мыңдайы сянбилерге сіңісіп, солардың қатарын толықтырды.

Жеңілген хұндардың біршама жұртының сянбилерге сіңісетіндей де жөні бар болатын. Өйткені, сянбилердің де, олардың бауырластары саналатын ухуандардың да хұндарға анау айтқандай жаттықтары жоқ-тұғын. Себебі, бұл екі халық та хұндармен түп тектері бір аталастық туыстықтары бар дунхулардың (татарлардың) бөлшектенуінен туындаған жұрттар саналатын. Дунхулардың бөлшектеніп кетуіне септескен жағдай олардың Мөде шәнүйдің әскерінен жеңілуінен кейін туындаған-ды.

Жеңілген дунхулардың (татарлардың) біршамасы хұндарға сіңіссе, бір бөлігі Сянби, екінші бөлігі Ухуань тауларына дейін қашып барып, осы таулардың баурайларынан пана тапқан-ды. Уақыт өте келе өсіп, өніп көбейген оларды ежелгі қытайлар мекендеген тау атауларына қарай, бірін сянби, екіншілерін ухуан деп атамалап кеткенді. Дей тұрғанмен сянбилер де, ухуандар да хұндарға аталас халық дунхулардан өрістенген дегенімізбен, оларды хұндардан аздап болса да алыстата түсетіндей себептер де жоқ емес-ті. Өйткені бұл екі халық келе-келе тунгус-мәнжүр текті халықтармен араласа-құраласа өмірленіп, солармен қан араластырған халықтар болып есептелетін.

Ж.с. 93-ші жылы жоғарыда аталған соғыстан кейін халқы босып кетіп, босап қалған Солтүстік Хұн қағанатының жеріне сянбилер қоныстанып, осы өңірде өз мемлекетін орнықтырды. Жаңа мемлекеттік құрылым – Сянби мемлекеті атанды [12, 241 б.].

Солтүстік Хұн қағанатының ешкімдерге де қосылмай жан-жаққа босып кеткендерінің біршамасы алдымен Бэй-Шан маңына тұрақтады. Бірақ сянбилердің кезекті соққысынан кейін қашып барып, Тарбағатай өңіріне қоныстанды. Осы өңірде олар Хань империясына тәуелденген Батыс өлке халқын оларға қарсы көтерді. Амалы жоқтықтан Хань империясы билігі Батыс өлкедегі әскерлеріне өлкені тастап кетуге бұйрық түсірді. Өлкеде Батыс Хұн қағанаты орнықты. Дей тұрғанмен батысында іргелі жаңа Хұн империясының орнығуы қытайлардың мазасын қашырды. Хань империясы Батыс Хұн қағанатына қарсы соғыс дайындығына белсене кірісті. Хань империясы мен Батыс Хұн қағанаты арасында 50 жылға созылған соғыс ошағы осылайша тұтанды. Екі жаққа да кейде жеңіс, кейде жеңіліс әкелген бұл соғыстың соңғы нүктесін 155-ші жылы сянбиліктер қойды. Осы жылы олар Батыс Хұн қағанаты әскерін жермен-жексен етіп, тас-талқан етті. Осы жеңілістен кейін хұндар қайталап ес жия алмай жан-жаққа босып кетті. Олардың біршамасы Еділ бойына жетіп, тұрақтады. Осы өңірде өсіп- өніп көбейген олар арада 150 жылдай уақыт өткеннен кейін ғана бой көрсете бастады. Батыс Хұн қағанатының ақыры осылай көріністенді.

### **Қорытынды**

Жоғарыдағы сараптаулар барысында анықтап алғанымыздай, қазіргі жыл санауымыздың 48-ші жылы Ұлы Хұн державасы билік әулет өкілдерінің таққа таласы салдарынан екіге бөлінді. Бөлінгендердің бірі, алдымен, Солтүстік, кейіндеу келе Батыс Хұн қағанаты деген аталымдары иеленіп, 155-ші жылға дейін өмірленді.

Ал, екіншісі, яғни Оңтүстік Хұн қағанаты деп аталғаны шәнүй Учжүлюдің баласы Би билігі тұсында өз еріктерімен Хань империясына тәуелденді. Бұлардың қытайларға тәуелдігі 215-ші жылы Хань империясы қағанатты тарқатып, оның орнына өздерінің бірнеше әкімшілік аудандарын құрып алғанша жалғасты.

Ұлы Хұн державасы мен Хань империясы арасында 300 жылдан астам уақытқа созылған теке-тірес қытайлықтардың жеңісімен аяқталды. Дей тұрғанмен бұл жеңіс қытай әскерінің күш-қуатының нәтижесі емес, керісінше қытайдың жымысқы саясаты мен арам пиғылды дипломатиясының бүлдірушілік іс-қимылының жемісі ретінде көрініс тапты.

Қытай билігіндегілер ж.с.д. 209-шы жылы құрыла салысымен-ақ күш-қуатты ұлы мемлекетке айналған Хұн державасын әлсіретіп, құртудың жоспарын түзіп, оны біртіндеп жүзеге асырып келе жатқанды. «Жабайыларды жабайылардың қолымен құрту» деп аталған бұл жоспар бойынша жасалуға тиісті барлық айла мен амал, жымысқылық іс-қимыл мынаған бағытталған болатын: «Хұндар ондаған этностардан құрылымдалған әлеует. Олардың әрқайсысының өз билеушілері, халқына сөзі өтімді ақылгөйлері бар. Демек, біздің басты міндетіміз – айла-шарғының барлық түрлерін пайдаланып, көшпелілердің жылдан-жылға күшейіп келе жатқан мемлекетін ішінен ірітіп, құрту үшін ел билігіндегі әулет мүшелерін және ақылгөйлерін бір-біріне айдап салу арқылы араларында үнемі іріткі тудырып отыру болуы тиіс». Осы қағидатты негізге алған кейінгі қытай билігіндегілер өз замандары талаптарына сәйкес бұл жоспарға аз-маз өзгерістер енгізіп пайдаланғанымен, түпкі ұстынды қағидаттың мәнін өзгертпейтін.

Мысалы, ж.с.д. 140-ші жылы император тағын иеленген У-дидің билігі тұсында жоғарыдағы аталмыш жоспар «жабайыларға қарсы жабайылармен соғысу» деп аталып, ж.с. 48-ші жылына дейін жүзеге асырылды. Нәтижесінде Хұн державасы екіге бөлініп тынды.

Екінші кезегінде жоғарыдағы аталмыш жоспар «жабайыларға жабайылармен шабуыл жасау» деп аталып, хұндарды Солтүстік және Оңтүстік етіп өзара соғыстырып қана қоймай, түбі бір түрктенді



халықтар: оңтүстік хұндарды, үйсіндерді, юечжилерді, сяньбилерді, ухуандарды және динлиндерді Солтүстік және Батыс Хүн қағанаттарына қарсы айдап салып, түп-түбірімен төңкертіп тастатты.

Үшінші кезеңде «бір жабайының екіншісін бас салуы» («ки-ди сиэн гүн») деп аталып, бір-бірін жәукемдеген түздіктерді әбден тұқыртып, өздеріне толық тәуелдендірді.

Төртінші кезеңдегі іс-әрекетті «жабайылардың көмегімен жабайыларды басқару» деп ұлықтап, ақыр аяғында хұндарды толық жусатып, атамекендерін өздерінің басыбайлы жерлері етіп, бекітіп алды. Хұндардың қалғандарын өздеріне сіңдіріп, қытайландырып жіберді.

Бірақ қалай аталғандарына қарамастан, жоғарыдағы жобалардың бәрі сол баяғы «жабайыларды жабайылардың қолымен құрту» жоспарын жүзеге асырды.

Жоғарыда айтылды. Хұндарды жусатуда айла-шарғының барлық түрі пайдаланылды деп. Осы айла-амалдардың ішінде өзінің әсіре тиімділігімен көріністенген тәсіл, арнайы дайындық мектебінен өткен сұлу қыздарды хұн билеушілеріне «император қызы» (патша қызы) деген жалған атпен әйелдікке беру тәсілі болды [7, 365-367 б.].

Хүн державасын құрған ұлыс билеушілеріне, тіпті шәнүйлердің өздеріне әйелдікке берілген мұндай қыздар аз уақыттың ішінде барған елін ала тайдай бүлдіріп, ұлыс пен ұлысты, тіптен болмай бара жатса сол қанат, оң қанат және орталық билеушілерін өзара қырқыстырып, ойран тудырап іріткілікті барынша жандандырып отырды. Оның дәлеліне, жоғарыдағы баян барысында айтылған, бірнеше шәнүйге тиіп, хұн елі ішінде бірнеше соғыс ошағының туындауына, одан қалса Хүн державасының екіге бөлініп кетуіне ықпал еткен Чжуанькюй-яньчи ханшаның іріткілік іс-әрекеттерін, Үйсін бірлестігінің мүлдем жоқ болып, құрдымға кетуіне мұрындық болған Куан-Ваң (қытай патшалығы берген титулдық атақ) Нимидің қытайлық әйелі Гяй-юдің бүлдірушілік істерін мысалға келтіруге болады. Ал, Хүн державасынан кейін бой көтерген сяньби, жужан, түрк, ұйғыр, т.б. қағанат билеушілеріне, ол мемлекеттерді құрылымдаған ұлыс билеушілеріне, нояндарға ұзатылған «император қыздарының», олармен бірге ілесіп келген қызметші қыздардың әскер басыларды бір-біріне айдап салып, араздастыру арқылы өзара қырқыстыруларын есепке алар болсақ, бірнеше том кітап жазуға тура келеді.

**ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Кюннер И.В. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока.- М.: Из-тво Вост. Литература, 1961. – с. 39.
2. Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов. // Избранные труды по археологии и истории кыргызов Кыргызстана. Т. 2. Сост.: К. Ташбаева, Л. Бедутова. – Б.: «Айбек», 1998. – с. 319 – 471.
3. Өгел Б. Ұлы Хун империясының тарихы. 1-кітап. – А.: Хант, 1998. - 368б.
4. Сыма Цянь. Исторические записки. Т. 7. / Перевод Р.В. Вяткина.- М.: Наука, 1996. – С. 258-260.
5. Лидай чэцзу чжуаньцзи хуйбянь / Собрание сведений о народах различных исторических эпох / Сост. Цзянь Боцзань и др. Т. 1. – Пекин, 1958. – с. 17,229.
6. Крадин Н.Н. Империя Хунну. Изд. 2-е, перераб. и доп.-М.: Логос, 2001.-312с.
7. Салғараұлы Қ. Шығыстағы түркілер. – Астана: Полиант, 2012. -392б.
8. Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1-3. -М. -Л., 1950-1953.
9. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. 2-т. Сұңғатай С., Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер. –Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 132б.
10. Қабышұлы И. Тұран әлемі. Түрк-моңғол халықтарының тарихы. –Алматы: Санат, 2007. – 320б.
11. Безертинов Р.Н. Татары, тюрки-потрясатели Вселенной (История Великих Империй). 2-е изд., исправл. –Новосибирск; ЦЭРИС, 2001. -733с.
12. Гумилев Л.Н. Хұндар. Орыс тілінен ауд. Ә. Жумабаев, П. Бейсенов. –Алматы: Қазақстан, 1998. -528б.

**REFERENCES**

1. Kúnner I.V. Kitaiskie izvestiia o narodah Iújnoi Sibiri, Tsentralnoi Azii i Dal'nogo Vostoka.- M.: Iz-tvo Vost. Literatúra, 1961. – s. 39.
2. Bernshtam A.N. Ocherk istorii gúnnov. // Izbrannye trýdy po arheologii i istorii kyrgyzov Kyrgyzstana. T. 2. Sost.: K. Tashbaeva, L. Bedýtova. – B.: «Aibek», 1998. – s. 319 – 471.
3. Ógel B. Uly Hún imperiasynyń tarihy. 1-kitap. – A.: Hant, 1998. - 368b.
4. Syma Tsian. Istoricheskie zapiski. T. 7. / Pervod R.V. Viatkina.- M.: Naýka, 1996. – S. 258-260.
5. Lidai chetszy chjýantszi hýbian / Sobranie svedenii o narodah razlichnyh istoricheskikh epoh / Sost. Tszian Botszan i dr. T. 1. – Pekin, 1958. – s. 17,229.
6. Kradin N.N. Imperia Hýnný. Izd. 2-e, pererab. i dop.-M.: Logos, 2001.-312s.
7. Salǵarauly Q. Shyǵystaǵy túrkter. – Astana: Poliant, 2012. -392b.
8. Bichýrin N.Ia. (Iakinf). Sobranie svedenii o narodah, obitavshih v Srednei Azii v drevnie vremena. T. 1-3. -M. -L., 1950-1953.
9. Qazaqstan tarihy týraly qytai derektemeleri. 2-tom. Suńgatai S., Ejenhanuly B. Tarihi-mádeni jádigerler. –Almaty: Daik-Press, 2005. – 132b.
10. Qabyshuly I. Turan álemi. Túrk-mońgol halyqtarynyń tarihy. –Almaty: Sanat, 2007. – 320b.
11. Bezertinov R.N. Tatory, túrkı-potriaseteli Vselennoi (Istoriia Velikih Imperii). 2-e izd., ispravl. –Novosibirsk; TsERIS, 2001. -733s.
12. Gýmılev L.N. Hundar. Orys tilinen áýd. Á. Jýmabaev, P. Beisenov. –Almaty: Qazaqstan, 1998. -528b.

### **Özet**

Makalede, Hun Devleti'nin kuruluşundaki iç ve dış faktörler açıklanmaktadır. Eski Çin tarihçiliğini ve diğer Türk halklarının tarihi geçmişini doğru bir şekilde tanımlayan bilginlerin eserlerine atıfta bulunarak, Hun Devleti'nin kuruluşunda önemli rol oynayan halk Hunyuylar (Hungurlar) olduğu kanıtlanmıştır. Aynı zamanda Hun Devleti'nin yöneticisi, lideri, kahraman komutanı Mete'nin kahramanlıkları ve halkı için yaptığı hizmetler incelenmektedir. Hun Devleti ile Çin Han İmparatorluğu arasındaki ilişkiler açıklanarak sonuçları analiz edilmiştir.

İki büyük devlet arasındaki üç yüz yıllık savaş Çinlilerin lehine sonuçlanmış olsa da, zafer, Çin ordusunun çabalarının sonucu değil, Çin'in gizli politikasının ve diplomatik hile hareketlerinin sonucuydu.

**Anahtar kelimeler:** Hun devleti, Mete Han, Hun yönetim sistemi, sosyal hayat tarzları, üçyüz yıllık savaş, Çin'in gizli politikası, diplomatik hile hareketleri  
**(Nuskabayev O., Büyük Hun Devleti (Tarihsel ve Etno-Sosyolojik İnceleme))**

### **Аннотация**

В статье описываются внутренние и внешние факторы, которые составляют основу Великой Гуннской державы. Доказано, что именно хуньюйи (хунгуры) создали сверхдержаву Гуннов, ссылаясь на древнекитайскую историографию и труд ученых, которые точно описывают исторические реалии других тюркских народов. Кроме того, мудрый мыслитель, лидер, героический полководец Гуннской империи Мете характеризуется через свои поступки и действия во благо своего народа. В статье также описываются истинные отношения гуннов с китайской империей Хань, а также иллюстрируются последствия этих отношений.

Несмотря на то, что трехсотлетняя война между двумя великими державами закончилась в пользу китайцев, победа была не результатом усилий китайской армии, а скорее результатом скрытной политики Китая и дипломатического мошенничества.

**Ключевые слова:** Гуннская держава, Мете хан, система Гуннской власти, благосостояние населения, трехсотлетняя война, китайская скрытная политика, дипломатическое мошенничество.

**(Нускабаев О. Великая Гуннская держава (этносоциологический анализ))**